Келісемін:____________________
"Күншуақ"б/б МКҚК – ның
әдіскері Н.Б.Абишева

Бекітемін:__________________
"Күншуақ"б/б МКҚК – ның
меңгерушісі Р.К.Муканова

«27» тамыз 2021 жыл
педагогикалық кеңестің
№1 хаттамасының шешімі

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДА ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫПТАР бойынша «Балапан» ортаңғы тобының (3 жастан бастап) жылдық перспективалық жоспары**
**2021 – 2022 оқу жылы**

Тәрбиешілер: Н.Б.Абишева
А.Б.Беккалиева

Келісемін:_________________
"Күншуақ"б/б МКҚК – ның
әдіскері Н.Б.Абишева

Бекітемін:_________________
"Күншуақ"б/б МКҚК – ның
меңгерушісі Р.К.Мұқанова

# КҮН ТӘРТІБІ

**«Балапан»ортаңғы тобы 2021-2022 о/ж**

| Уақыты | Күн тәртібінің элементтері |
|---|---|
| 08.00-08.40<br><br><br>08.40-09.00 | **Балаларды қабылдау:**<br>Ата-аналармен әңгімелесу;<br>Ойындар(үстел- үсті,саусақ және т.б)<br>Таңертеңгі гимнастика<br>Гигиеналық шаралар |
| 09.00-09.20 | **«Ас-адамның арқауы!»**<br>Таңғы ас,гигиеналық шаралар |
| 09.20-09.30 | Ойындар,ұйымдастырылған іс –әрекеттеріне дайындық |
| 09.30-10.05 | **«Ойнайық та,ойлайық!»**<br>Мектепке дейінгі ұйым тәртібі бойынша ұйымдастырылған іс- әрекет |
| 10.05-10.45 | **«Алақай,Ойын!»** |
| 10.45-10.55 | **«Дәрумендер терапиясы»**<br>Екінші таңғы ас |
| 10.55-11.05 | **«Алақай,серуен!»**<br>Серуенге дайындық |
| 11.05-11.50 | **«Табиғатпен біргеміз!»**<br>Серуен:бақылау,еңбек,қимылды ойын |
| 11.50-12.10 | Серуеннен оралу,гигиеналық шаралар,еркін ойын |
| 12.10-12.50 | **«Ас-адамның арқауы!»**<br>түскі ас,гигиеналық шаралар |
| 12.50-15.15 | **«Тәтті ұйқыға батамыз!»**<br>түскі ұйқы |
| 15.15-15.40 | Біртіндеп ұйқыдан ояту,ауа,гигиеналық шаралар,денсаулық жолы |
| 15.40-16.45 | **«Алақай,ойнаймыз!»**<br>ойындар,дербес әрекет |
| 16.45-17.10 | **«Ас- адамның арқауы!»**<br>Бесін ас,гигиеналық шаралар |
| 17.10-17.30 | **Жеке жұмыс:**<br>Баланың жеке даму картасына сәйкес |
| 17.30-17.45 | Серуенге дайындық<br>Киімдерін реттілік сақтап кию |
| 17.45-18.30 | **«Табиғатпен біргеміз!»**<br>серуен:бақылау,еңбек,қимылды ойын |
| 18.30 | **«Қош, сау болыңыз!»**<br>балалардың үйге қайтуы,үйге тапсырма беру |

Келісемін:____________
«Күншуақ» бөбекжай бақшасының
әдіскері Н.Б.Абишева

Бекітемін:____________
«Күншуақ» бөбекжай бақшасы МКҚК-ның
меңгерушісі Р.К.Муканова

# «Балапан» ортаңғы тобының 2021-2022о.ж. апталық оқу жүктемесінің көлемі

| Білім беру саласы | Пән атауы | Апталық оқу жүктемесі | Жылдық оқу жүктемесі |
|---|---|---|---|

**Денсаулық-3**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Денсаулық | Дене шынықтыру | 3 | 108 |

**Қатынас -2**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Қатынас | Сөйлеуді дамыту | 1 | 36 |
| Қатынас | Көркем әдебиет | 0,5 | 18 |
| Қатынас | Орыс тілі | 0,5 | 18 |

**Таным -2,5**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Таным | Математика негіздері | 1 | 36 |
| Таным | Құрастыру | 0,5 | 18 |
| Таным | Жаратылыстану | 1 | 36 |

**Әлеумет 0,5**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Әлеумет | Қоршаған ортамен танысу | 0,5 | 18 |

**Шығармашылық -3**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Шығармашылық | Сурет салу | 1 | 36 |
| Шығармашылық | Музыка | 1,5 | 54 |
| Шығармашылық | Жапсыру | 0,25 | 9 |
| Шығармашылық | Мүсіндеу | 0,25 | 9 |

**Барлық жылдық сағат саны- 396**

Келісемін
«Күншуақ»б/б-ның
Әдіскері Н.Б.Абишева

Бекітемін:________
«Күншуақ» бөбекжай бақшасы МКҚК-ның
меңгерушісі Р.К.Муканова

# 2021-2022 о.ж. Оқу қызметінің кестесі

| № | Апта күндері | Білім беру салалары | «Балапан» ортаңғы тобы 3-4 жас | Сағат саны | Уақыты |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **Дүйсенбі** | Қатынас<br>Шығармашылық | 1.Сөйлеуді дамыту<br>2.Сурет салу | 1<br>1 | 09.30-09.50.<br>10.00.-10.20. |
| 2 | **Сейсенбі** | Таным<br>Шығармашылық<br>Денсаулық<br>Шығармашылық | 1.Матем.негіздері<br>2.Музыка (1,3,5)<br>3. Дене шынықтыру (таза ауада)<br>4.Мүсіндеу (2)<br>Жапсыру (4) | 1<br>0,5<br>1<br>0,25<br>0,25 | 09.30-09.50.<br>09.50.-10.10.<br>10.20-10.40.<br>11.00.-11.20. |
| 3 | **Сәрсенбі** | Шығармашылық<br>Таным<br>Денсаулық | 1. Музыка<br>2.Жаратылыстану<br>3.Дене шынықтыру<br>**В.К.** | 1<br>1<br>1<br>1 | 09.30.-09.50.<br>09.55-10.15<br>11.05.-11.25. |
| 4 | **Бейсенбі** | Қатынас<br>Денсаулық | 1. Көркем әдебиет (2,4)<br>2.Орыс тілі (1,3,5)<br>3. Дене шынықтыру | 0,5<br>0,5<br>1 | 09.30-09.50.<br>10.45-11.05 |
| 5 | **Жұма** | Әлеумет<br>Таным | 1.Қоршаған орт.танысу(1,3,5)<br>Құрастыру (2,4) | 0,5<br>0,5 | 09.30-09.50. |
| | **Апталық оқу жүктемесінің көлемі барлығы-12 сағ.** | | | **11 сағ.<br>В.К.<br>1 сағ.** | |
| | **ҰОҚ ұзақтығы** | | **15-20 минут** | | |
| | **Басталу уақыты** | | **9сағ. 30 мин.** | | |

Келісемін: Бекітемін:
«Күншуақ» б/б әдіскері «Күншуақ» б/бақшасының меңгерушісі
Н.Б.Абишева Р.К.Муканова

# Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру процесіне ұсынылатын «өтпелі» тақырыптардың тізімі 2021-2022 о.ж.

| р/с | Тақырыптар | Апталық тақырыптар |
|---|---|---|
| 1 | **Қыркүйек**<br><br>**«Балабақша»** | 1.Менің балабақшам<br>2.Менің достарым<br>3.Менің сүйікті ойыншықтарым<br>4.Жиһаздар<br>5.Күз сыйы. |
| 2 | **Қазан**<br><br>**«Менің отбасым»** | 1.Менің отбасым,ата аналар еңбегі<br>2.Менің көшем<br>3.Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік<br>4.Алтын күз |
| 3 | **Қараша**<br><br>**«Дені саудық жаны сау»** | 1.Өзім туралы<br>2.Дұрыс тамақтану.Дәрумендер.<br>3.Өзіңе және өзгелерге көмектес.<br>4.Біз күштіміз,ептіміз. |
| 4 | **Желтоқсан**<br><br>**«Менің Қазақстаным»** | 1.Алақай, қыс келді!<br>2.Жайнай бер,Қазақстаным!<br>3.Тәуелсіз Қазақстан(ҚР Тұңғыш Президенті,мемлекеттік рәміздер)<br>4. Жер -Ана!<br>5.Жаңа жылдық сыйлықтар. |
| 5 | **Қаңтар**<br><br>**«Табиғат әлемі»** | 1.Айналамыздағы өсімдіктер<br>2.Жануарлар әлемі<br>3.Құстар –біздің досымыз<br>4.Ғажайып қыс. |
| 6 | **Ақпан**<br><br>**«Бізді қоршаған әлем»** | 1.Ғажайыптар әлемі<br>2.Көліктер<br>3.Электроника әлемі<br>4.Мамандықтың бәрі жақсы |
| 7 | **Наурыз**<br><br>**«Салттар мен фольклор»** | 1.Көктем жаршысы.<br>2.Ертегілер елінде.Театр әлемі<br>3.Өнер көзі халықта<br>4.Нұр төккен,гүл көктем<br>5.Көктемгі ағаштар |
| 8 | **Сәуір**<br><br>**«Біз еңбекқор баламыз»** | 1.Көктемгі егістік<br>2.Ас атасы –нан<br>3.Ғарышқа саяхат<br>4.Еңбек бәрін жеңбек. |
| 9 | **Мамыр**<br><br>**«Әрқашан күн сөнбесін»** | 1.Бір шаңырақ астында.<br>2.Отан қорғаушылар (ҚР әскері,Ұлы Отан соғысының ардагерлері)<br>3.Табиғаттың гүлденуі.<br>4.Мен және қоршаған орта |

**2021 жыл қыркүйек айы**
**Өтпелі тақырып: «БАЛАБАҚША»**

**Мақсаты:**мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларын қалыптастыру. Рухани-адамгершілік құндылықтарына баулу.

**Міндеттері:**

- Денсаулық сақтау технологиялары негізінде балалардың қозғалыс белсенділіктерін дамыту;

Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметте қарым-қатынас жасау үшін тілді игеру және коммуникативтік дағдыларын дамыту;

- Интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын және қоршаған ортаның біртұтастығы туралы білімдерін жетілдіру;
- Шығармашылық қабілеттерін және эстетикалық талғамдарын дамыту;
- Қоршаған ортаға жағымды мінез-құлық пен қарым-қатынас дағдыларына баулу

| **Тақырыпша** | **«Денсаулық»**<br>Дене шынықтыру -3 | **«Қатынас»**<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-0,5<br>Орыс тілі-0,5 | **«Таным»**<br>Математикаапталык такырыптар 21-22 титул негіздері-1<br>Жаратылыстыну-1<br>Құрастыру-0,5 | **«Шығармашылық»**<br>Сурет салу -1<br>Музыка-1,5<br>Мүсіндеу -0,25<br>Жапсыру-0,25 | **«Әлеумет»**<br>Қоршаған ортамен танысу-0,5 |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1-апта «Менің балабақшам» | **1.Дене шынықтыру**<br>**(**дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)<br>(таза ауада)<br>**2.Дене шынықтыру**<br>(дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)<br><br>**3.Дене шынықтыру**<br>(дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша) | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы**: «Топпен таныстыру».( саяхат)<br>**Мақсаты:** балабақша туралы түсініктерін қалыптастыру, топ бөлме жиһаздарымен таныстыру, заттардың атын атауға және қызметін білдіретін сөздер арқылы балалардың сөйлеу тілін дамыту. **Міндеті:** а) Білімділік: балаларды балабақша өмірімен, топ бөлмесімен таныстырып, ондағы жиһаз атауларын атауға, олардың қызметін сипаттап беруге үйрету. ә) Дамытушылық: дидактикалық ойын арқылы балалардың сөздік қорын дамыту. б) Тәрбиелік: топтағы жиһаздарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі**<br>мұғалімнің жоспары бойынша | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** «.Біреу, көп, бір бірден, бірде- біреуі жоқ»<br>**Мақсаты**: Мақсаты: заттарды «біреу», «көп», «бір - бірден», «бірде- біреуі жоқ» түсінігі туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:** осы ұғымды сөйлеу барысында қолдану; айналасындағы бірде-бір және көп затты таба білу дағдысын дамыту, жұмбақ шешуді үйрету; шыдамдылыққа және қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы**: «Бөлме гүлдері»<br>**Мақсаттары:** а) Балалардың бөлме гүлдері туралы түсінігін кеңейту. ә) Бөлме гүлдерін өсіруге қызығушылығын ояту, байқампаздық қабілеті мен білуге деген құштарлығын дамыту. б) Бөлме гүлдеріне қамқор болуға үйрету<br>**Дидактикалық ойын:«Досыма гүл сыйлаймын»** | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Сиқырлы таяқшалар»<br>**Мақсаты:**балаларды қағаз түрлерімен және түрлі- түсті қарындаштармен таныстыруды жалғастыру.Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру,қарындашты оң қолмен ұстауға үйретіп жаттықтыру.Шығармашылық қабілеттерін дамыту,дөңгелек,таяқшаларды салуға үйрету.Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br><br>(музыка жетекшісінің жоспары бойынша) | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:**<br>«Балабақша – біздің екінші үйіміз»<br>**Мақсаты:** балабақша қызметкерлері мен олардың еңбек әрекеттері туралы білімдерін жетілдіру.<br>**Міндеттері:** 1. балабақшада еңбек ететін адамдардың мамандықтарымен таныстыру (медбике, аспаз); 2. Сурет бойынша балабақша туралы әңгіме құрастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>3.Балабақшада еңбек ететін адамдардың еңбектерін бағалай білуге тәрбиелеу. Балаларды мейірімді болуға баулу<br>**Дидактикалық ойын:**«Сипаттамасы бойынша тап» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2- апта «Менің достарым» | **1.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша) (таза ауада)<br><br>**2.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)<br><br>**3.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша) | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Ойыншықтар достығы. **Мақсаты:** балалардың достық қарым-қатынас жайындағы білімдерін кеңейту, «қ»дыбысының дұрыс айтылуын бекіту. Міндеті: а) Білімділік: ойыншықтар және олардың достығы туралы сюжеттік әңгіме құрауға үйрету. ә) Дамытушылық: "Ойыншықтар достығы" атты шығармамен таныстыра отырып, сөздік қорын дамыту, «қ» дыбысына артикуляциялық жаттығу жасату. б) Тәрбиелік: достықты қадірлей білуге тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Досыма тілек»<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**«Үш жолдас» әңгіме.**Мақсаты:** әңгімені мәнерлеп оқып, мазмұнын түсіндіру. Достық қатынасты бағалай білуге үйрету. Достаса білуге, адал достыққа тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**«Таңертең.Біреу көп»<br>**Мақсаты:** таңертең (таң) – тәулік бөлігімен таныстыру; заттың санымен (бір-көп) таныстыруды жалғастыру<br>**Міндеттері:**таңертең (таң) – тәулік бөлігін тану және атау,осы ұғымды сөйлеу барысында қолдану; жұмбақтарды шешуді үйрету; заттарды айналасындағы бірдей бір және көп затты таба білу дағдысын дамыту. Шыдамдылыққа және қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:«Досыңмен бөліс»**<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:»Жел»**<br>**Мақсаттары:** а) Табиғат құбылыстарының бірі – жел туралы түсіндіру. ә) Зерттеудің қарапайым тәсілдерін дамыту, есте сақтау, зейін қою қабілетін нығайту. б) Табиғатқа деген сүйіспеншілікке, оған қамқорлық жасауға баулу.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** «Орындық және кресло»<br>**Мақсаты:** құрылыс материалдарымен құрастыру дағдыларын қалыптастыру, әр түрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден орындық және кресло құрастыра білуге үйрету. Міндеттері: - құрылыс материалдарының бөліктерін атай білу және оларды түрлі тәсілдермен кеңістікте дұрыс орналастыру; - құрылыс материалдарының түсін, көлемін, пішінін ажырата алу; - ұқыптылыққа, тазалық сақтай білуге тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:**«Қонаққа қай жолмен барамыз?» | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Түзу жолда,мен жүремін тура»<br>**Мақсаты:** Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру.Қылкаламды оң қолдарына ұстап сурет салуға жаттықтыру,саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту.Жолақ «жолдарға»бояуды біркелкі жаға білуге дағдыландыру,қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету,Іздің әртүрлі пішіндерін байқату.Ұқыптылыққа,әдемілікке тәрбиелеу..<br>**Дидактикалық ойын:** **«Қуыршақтың көйлегін әшекейлейік»**<br>**Музыка**<br>(музыка жетекшісінің жоспары бойынша)<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** «Қуыршақтар» (заттық мүсіндеу)<br>**Мақсаты:** Балаларды ойыншықтар әлемімен таныстыруды жалғастыру, жұмбақ<br><br>жасыра отырып, қуыршақтың ерешелігіне көңіл бөліп, құрастыру жолдарын үйрету.<br><br>**Кинетикалық құммен жұмыс:** «Балабақшадағы | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **3-апта «Менің сүйікті ойыншықтарым»** | **1.Дене шынықтыру** **(**дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)<br><br>**2.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)<br><br>**3.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша) | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Сүйікті ойыншықтар (ойыншықтар туралы әңгіме құрау). **Мақсаты:** ойыншықтар туралы әңгіме құрауға, аттарын атай білуге үйрету,дыбыс артикуляциясын нақтылап бекіту. **Міндеті**: а) Білімділік: ойыншықтар туралы түсінік беру. ә) Дамытушылық: «ң» дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру. б) Тәрбиелік: ойыншықтарды күтіп, ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.<br>**Дидактикалықойын**: «Сынған ойыншықтарды жөндейік »<br>**Орыс тілі** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** «Күндіз.Бір-көп»<br>**Мақсаты:** күндіз – тәулік бөлігімен таныстыру;заттың санымен (бір – көп) таныстыруды жалғастыру.<br>**Міндеттері:**таңертең – күндіз тәулік бөлігін ажырата білулерін қалыптастыру; сөйлеу барысында осы сөздерді қолдануға және осы сөзді сөйлеу барысында пайдалануды үйрету; заттың санымен (бір – көп) таныстыруды жалғастыру; заттарды бірдей, бір және көп затты таба білу дағдысын дамыту. Танымдылық қызығушылыққа тәрбиелеу<br>**Дидактикалықойын:** «Үш аюдың үйшігі»<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Тасбақа**»<br>**Мақсаты:** а) Барлық тіршілік иелері адамдар тарапынан белгілі бір күтімді қажет ететіні жөнінде түсіндіру. ә) Байқампаздық қабілетін, ойлау қабілетін дамыту. б) Балаларды жануарларға мейірімді болуға үйрету. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «**Сүйікті ойыншықтар»<br>**Мақсаты:** балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту.Өз ойыншықтарын сипаттап әңгімелету арқылы сөздік қорын молайту.Сүйікті ойыншықтарының суретін салуға жаттықтыру.Сурет арқылы дағдыларын қалыптастыру,ойыншықтарына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Жасырынған қонжық»<br>**Музыка**<br>(музыка жетекшісінің жоспары бойынша) | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:** «Біздің топтың ойыншықтары»<br>**Мақсаты:** қоршаған орта заттары, олардың сапалары мен қасиеттері туралы түсініктерін жүйелеу және толықтыру.<br>**Міндеттері:**1. Балалардың ойыншықтар туралы білімдерін кеңейту. 2.Бірнеше сенсорлық белгілеріне қарап, заттарды топтастыра білуді, айналасындағы заттарды ажырата және ортақ қасиеттері бар ойыншықтарды топтастырып, оларды сипаттай білу дағдыларын игерту. 3. Ойыншықтарды күтіп ұстауға баулу.<br>**Дидактикалық ойын:**«Сипаттамасы бойынша тап» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| \4 – апта «Жиһаздар» | **1.Дене шынықтыру** **(**дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)<br><br>**2.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)<br><br>**3.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша) | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Қуыршақ Әйгерімнің бөлмесі.<br>**Мақсаты:** жаңа сөздерді қатыстырып, сұрақ-жауап арқылы ауызекі сөйлеу тілін дамыту. **Міндеті:** а) Білімділік: үй жиһаздар жайында түсінік беру. ә) Дамытушылық: жиһаз атауларымен таныстыра отырып, таным қабілетін дамыту. б)Тәрбиелік: жиһаздарды күтіп ұстауға, ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу.<br>**«Жиһаздарды құрастыр»** қиынды суреттермен жұмыс<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы**: «Маша мен аю» ертегісі<br><br>**Мақсаты:** ертегінің мазмұнын түсінуге кейіпкерлердің әрекеттерін бағалауға көмектесу. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** «Үлкен – кіші.Таңертең:»<br>**Мақсаты**: заттарды көлемі бойынша(үлкен – кіші) салыстыру біліктерін қалыптастыру; таңертең – тәулік бөлігімен таныстыруды жалғастыру.<br>**Міндеттері:**көлемі бойынша(үлкен – кіші) заттарды салыстыру; тәулік бөліктерін ажырата және атай білу білігін – таңертең ұғымымен таныстыруды жалғастыру; таныс заттарды көлеміне қарай салыстыру білігін дамыту (үлкен –кішкентай), заттарды осындай белгілеріне қарай топтау; заттарды табуға деген ынтасына тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Жиһаздың орнын тап»<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Ағаштар»<br>**Мақсаты:** а) Ағаштардың 2-3 түрін тану және атауын атауға үйрету. ә) Қарапайым тәжірибе-зерттеу жұмысын жасау қабілетін дамыту. б) Туған өлкенің өсімдіктер әлемін қорғауға деген құлшынысын арттыру<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** «Диван және кереует»<br>**Мақсаты:** көп түрлі құрылым құрастыру, олардың бөліктері туралы білімді қалыптастыру, құрылыс материалдарын түсіне, пішініне сәйкес дұрыс пайдаланып диванды және кереуетті құрастыра білуге үйрету. **Міндеттері: -**диванды, кереуетті құрылыс материалдарынан құрастыру және түсін, көлемін, пішінін ажырата алу; - «кірпішті жанына тігінен қою», «екі жанына қою» деген ұғымдарды меңгеру; - құрылыс материалдарымен жұмыс жасауда оны көлеміне, пішініне сәйкес кеңістікте дұрыс орналастыру. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «**Саты» (заттық сурет)<br>**Мақсаты:**балаларға жануарлардың бейнесіне лайықты дауыс ырғағына қарай баспалдаққа орналастыруды түсіндіру.Керіктің мойнының ұзындығына қарай түрлі бағыттарды сызықтар жүргізіп,оларды қиыстырып,саты салуға үйрету.Музыканы көңіл күйлеріне қарай қабылдау сезімдерін дамыту.Жануарларға деген сүйіспеншілікке,қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Сандықшаны әсемдейік»<br>**Музыка**<br>(музыка жетекшісінің жоспары бойынша)<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы:** «Алаша»<br>**Мақсаты:**ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуін қалыптастыру. **Білімділік міндеті:** дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету. Желімдеу техникасын қалыптастыру. Дамытушылық міндеті: балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіні | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **5- апта «Күз сыйы»** | **1.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)<br><br>**2.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)<br><br>**3.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша) | **Сөйлеуді дамыту:**<br>**Тақырыбы:** Көкөністерден көже жасау (дидактикалық ойын).<br>**Мақсаты:** балаларға көгөністер оның пайдасы туралы түсінік беру, артикуляциялық жаттығу арқылы дұрыс дыбыстауды үйрету, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. **Міндеті:** а) Білімділік: көкөністер жайында түсініктерін кеңейту. Балаларды ыдыс-аяқ атаулары бойынша сөздік қорларын молайтып, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру, «ш» дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру. ә) Дамытушылық: балаларға ойын барысында "ш" дыбысына артикуляциялық жаттығу жасату арқылы орфоэпиялық дағдысын дамыту. б) Тәрбиелік: тазалыққа, ұқыптылыққа, өзгенің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** «Шеңбер. Үлкен– кіші».<br>**Мақсаты**: жаңа геометриялық пішінмен – щеңбермен таныстыру.<br>**Міндеттері:**балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету: шеңбер;шеңбердің түрлі көлемде (үлкен – кішкентай) болатынын түсіну; жұмбақтар шешуді үйрену; шеңберді көру-қозғау жолымен зерттеу білігін дамыту; шеңберді берілген нүктелері бойынша бастырып жүргізу; саусақтың ұсақ моторикасын дамыту; жаңа геометриялық пішіндерді салуға қызығушылықтарын ояту.<br>**Дидактикалық ойын:** «көкөністерді танып ал»<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**«Бақшадағы көкөністер»<br>**Мақсаттары**: а) Көкөністерді тану және олардың атауын білу қабілетін дамыту; бау-бақша дақылдарын өсіру туралы түсінігін кеңейту. ә) Балалардың ойлау қабілетін күшейту. Танымдық қызметке деген қызығушылығын ояту. б) Еңбекқорлыққа баулу | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** « Бұлт күнді жапты»<br>**Мақсаты:** Балаларды күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктеріне бақылау жасауға үйрету.Күннің бетін аспанда қалқып жүрген бұлттардың қалқалаған суретін дөңгелек және сопақша пішінде сала білуге дағдыландыру.Табиғатты сүйе білуге,қастерлеуге және ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>(музыка жетекшісінің жоспары бойынша) | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:** «Жеміс бағына саяхат»<br>**Мақсаты:** жемістер туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру.<br>**Міндеттері:** 1. Жемістер туралы білімдерін естеріне түсіріп, жемістер бақта өсетіндіктерін ұғындыру. 2. Күз сыйы және бақ деген сөздерге сөздік жұмысын жүргізу арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. 3. Өсімдіктерге сүйіспеншілікпен және қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:**«Сипаттамасы бойынша тап» |

**Екінші кіші топ қазан айы 2021 жыл**
**Өтпелі тақырып «МЕНІҢ ОТБАСЫМ»**

**Мақсаты:** балалардың отбасы туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, отбасы мүшелерін атап, олар туралы айтуға және жақсы көруге үйрету; туыстық байланыс туралы түсініктерін дамыту.

**Міндеттері:**

- Отбасында мәдени-гигиеналық дағдыларын сақтауға баули отырып, ата-аналармен бірге балалар денсаулығын нығайтуға ықпал ету;
- Отбасы мүшелерімен тығыз байланыс жасау негізінде балалардың сөздік қорларын одан әрі дамытуға жағдай жасау;
- Отбасылық серуендерге, саяхаттарға шығу барысында балалардың табиғатта, қоршаған ортада өзін ұстай білу дағдыларын , қоршаған әлемге қызығушылығы мен қамқорлық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал жасау;
- Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда ата-аналармен бірлескен шараларды жетілдіру

| **Тақырыпша** | **«Денсаулық»**<br>Дене шынықтыру -3 | **«Коммуникация»**<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-0,5<br>Орыс тілі-0,5 | **«Таным»**<br>Математика негіздері-1<br>Жаратылыстыну-1<br>Құрастыру-0,5 | **«Шығармашылық»**<br>Сурет салу -1<br>Музыка-1,5<br>Мүсіндеу -0,25<br>Жапсыру-0,25 | **«Әлеумет»**<br>Қоршаған ортамен танысу-0,5 |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **1-апта «Менің отбасым, ата – аналар еңбегі»** | **1.Дене шынықтыру** **(**дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)<br><br>**2.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)<br><br>**3.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша) | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Өзінің отбасы туралы әңгіме.<br>**Мақсаты:** отбасы туралы әңгімелеуге,тілде сын есімдерді, етістіктерді дұрыс қолдана білуге үйрету.<br>**Міндеті**: а) Білімділік: балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. ә) Дамытушылық: өз отбасы жайлы әңгімелеу барысында сөздік қорларын дамыту, есте сақтау қабілеттерін арттыру, «г», «п», дыбыстарының айтылуын бекіту. б)Тәрбиелік: балаларды үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын** «Сөйлемді аяқта» (Атамның ...тақиясы, қамшысы .<br>Әжемнің тәтті .... бауырсағы)<br>**Орыс тілі** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы**: «Кеш. Біреу – көп».<br>**Мақсаты:**тәулік бөлігі – «кеш» ұғымымен таныстыру;заттың санымен (бір – көп) таныстыруды жалғастыру.<br>**Міндеттері**:таңертең, күндіз, кеш тәулік бөліктерін атаужәне ажырата білулерін қалыптастыру; бір және көп бірдей заттарды табу білігін дамыту; заттарды табуға деген ынтасын тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Анамыздың себетін толтырайық»<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «**Күздегі жапырықтардың түсуі»<br>**Мақсаттары:** а) Күз мезгіліне тән белгілермен таныстыру. ә) Күзгі маусымда табиғат және табиғат құбылыстарын бақылай білу дағдыларын қалыптастыру. табиғат дауыстарын тыңдай білу (жапырақтың сыбдырын, желдің дауысын, құстардың сайрағанын) шеберліктерін қалыптастыру. б) Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін дамыту және табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Зерттеу жұмысын жүргізу**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Отбасында кім неге жауапты?» | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Түрлі түсті орамал»<br>**Мақсаты:** балаларды шаршы пішінді орамалға өрнектер салуға жаттықтыру.Өздері салған өрнектерді қылқаламмен бояу арқылы эстетикалық талғамының дамуына мүмкіндік туғызу.Бояудың түсін таңдай білуге ,көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Әжейге қалпақ тоқуға көмектесейік»<br>**Музыка**<br><br>(музыка жетекшісінің жоспары бойынша) | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:**«Менің отбасым»<br>**Мақсаты:** балалардың туыстық қатынастар туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Міндеттері:** 1. Балалардың отбасы мүшелері бейнеленген суреттерді қарастыру, отбасы мүшелерін, олардың әрекеттері мен өзара қарым-қатынасқа түсу дағдыларын меңгерту. 2.Отбасы туралы әңгімелеу дағдыларын қалыптастыру; 3. Өз отбасын құрметтеп сыйлауға үйрету.<br>**Дидактикалық ойын:** «Не үшін қажет?» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2- апта «Менің көшем» | **1.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)<br><br>**2.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)<br><br>**3.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша) | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Әйгерімнің ойыншықтары. (Ойын сахналау, сөздік жұмыс)<br>**Мақсаты:** сөздік қорын ойындар мен байыту, зейінін жетілдіру.<br>**Міндеті:** а) Білімділік: балалардың ойыншық туралы түсініктерін кеңейту. ә) Дамытушылық: балалардың сөздік қорын байыту. б) Тәрбиелік: ойыншықтарды күтіп, ұқыпты, таза ұстауға тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Бағдаршам не дейді**?**»<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы**: «Әке мен бала » **Мақсаты:** ересектерге қарым-қатынас ережелерін сабақтауға үйрету, еңбекке қызығушылықты қалыптастыру және оның нәтижесін құрметтеуге үйрету.<br>**Дидактикалық ойын** «Көшеден қалай өтеміз?» | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** «Түн. Шеңбер»<br>**Мақсаты:** Мақсаты: тәулік бөлігі – «түн» ұғымымен таныстыру; түсі мен көлеміне байланыссыз щеңберді ажырата және атай алу білігін бекіту. Міндеттері: тәулік бөліктерін, ажырата және айта білуді бекіту; топ бөлмесінен шеңбер пішіндес заттарды көзімен іздеп таба алу білігін дамыту; шеңбер пішінді заттардың суретін сала алу білігін дамыту; мұқияттылық пен алғырлыққа тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Орнына қой»<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Күзгі гүлдер»<br>**Мақсаты:**: а) Гүлдің құрылысы жайлы түсіндіру. ә) Байқампаздық қабілетін, зейінін дамыту. б) Табиғатты аялай білуге үйрету<br>**Дидактикалық ойын:**«Көкөністер таситын мәшине»<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** «Жаяу жүргіншілерге, мәшинелерге арналған кең және тар жолдар»<br>**Мақсаты:** әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектен қарапайым құрылыстар құрастыру, бөлшектерді орналастыру, кірпіштерді қалау тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді көлденең орналастыру арқылы құрылыс материалдарынан тар және кең жолдарды құрастыра білуге үйрету.<br>**Міндеттері:** - балаларды жаяу адамдарға арналған тар және кең жолдарды құрылыс материалдарынан құрастыра білуге үйрету; - құрылыс материалдарының түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру; - құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра білу және өзара қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Жол бойымен арба келеді»<br>**Мақсаты:** арба көліктің бірі екендігі туралы түсініктер беру.Қарындашпен үзік сызықтарды қосу арқылы сурет салу жолдарын түсіндіру.Эстетикалық талғамын қалыптастыру.<br>**Дидактикалық ойын:** «Бағдаршам»<br>**музыка**<br>**Музыка** (музыка жетекшісінің жоспары бойынша)<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** «Құмға арналған қалақ»<br>**Мақсаты:**бірнеше бөліктен тұратын заттарды ермексаздан мүсіндеу дағдыларын бекіту. Домалатылған пішінді тік есу және жалпақтау тәсілдерін пайдалану арқылы қалақ мүсіндеу қабілеттерін дамыту.<br>**Дидактикалық ойыны:** «Не жасырдым?» | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **3 - апта «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»** | **<u>1.Дене шынықтыру</u>** **(**дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)<br><br>**<u>2.Дене шынықтыру</u>** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)<br><br>**<u>3.Дене шынықтыру</u>** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша) | **<u>Сөйлеуді дамыту</u>**<br>**Тақырыбы:**<br>**Тақырыбы**: Әңгіме құраймыз (шығармашылық элементтерімен әңгіме құрау). **Мақсаты:** заттарды, суреттерді қарастыруда сұрақтарға жауап беруге үйрету. **Міндеті:** а) Білімділік: сызба бойынша әңгіме құрау жолдарын меңгерту. ә) Дамытушылық: сұрақ-жауап арқылы баланың тілін, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. б) Тәрбиелік: үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу<br>**Сюжетті-рөлді ойын:** «Абай бол, балақай»<br><br>**<u>Орыс тілі</u>** | **<u>Математика негіздері</u>**<br>**Тақырыбы: «**Оң жақ – сол жақ».<br>**Мақсаты:** кеңістік ұғымдарын қалыптастыру (сол жақ, оң жақ, ортасында), сөйлегенде осы терминдерді дұрыс қолдануға баулу. **Міндеттері:** өзінің маңындағы кеңістік бағыттарын ажырата білу; жұмбақтарды шешуге, жұмбақ негізіне алынған өлеңдегі салыстыра бейнелеуді түсінуге үйрету; оң қолы мен сол қолын ажырата алу білігін дамыту; логикалық ойлауын дамыту; педагогтің нұсқауларын орындау білігіне тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Суреттерді құрастыр»<br>**<u>Жаратылыстану</u>**<br>**Тақырыбы:** « Жау,жау,жаңбыр!»<br>**Мақсаты:** а) Жансыз табиғаттағы құбылыстар жайлы түсіндіру; табиғат құбылыстарының бірі – жаңбырмен таныстыру. ә) Балалардың табиғатқа, табиғат құбылыстарына, оны танып-білуге деген қызығушылығын ояту. б) Жаңбырға қуануға үйрету .<br>**Дидактикалық ойын:** «Болады, болмайды» | **<u>Сурет салу</u>**<br>**Тақырыбы:** «Әдемі көйлек»<br>**Мақсаты:** Көйлек үлгісін әшекейлеуге үйрету.Саусақпен немесе мөр таңбалармен, қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру.Эстетикалық талғамын арттыру,әдемілікке тәрбиелеу<br>**Дидактикалық ойын:** «Тұрағын тап»<br><br>**<u>Музыка</u>**<br>(музыка жетекшісінің жоспары бойынша) | **<u>Қоршаған ортамен танысу</u>**<br>**Тақырыбы:** «Көліктер»<br>**Мақсаты:** көлік түрлерінің қолданысы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Міндеттері:** 1. Балаларды көлік түрлерімен таныстыру. 2. Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. 3. Әр көліктің пайдасын айта отырып, еңбекқорлыққа баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **4 – апта «Алтын күз»** | **<u>1.Дене шынықтыру</u>** **(**дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)<br><br>**<u>2.Дене шынықтыру</u>** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)<br><br>**<u>3.Дене шынықтыру</u>** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша) | **<u>Сөйлеуді дамыту</u>**<br>**Тақырыбы:** Біздің ойыншығымыз. **Мақсаты:** балалардың ойыншықтар туралы түсінігін молайту, сөйлеуде зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану, сөздерде дауысты «ә-ө» дыбыстарды анық айта білуін қалыптастыру. **Міндеті**: а) Білімділік: балалардың ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту, ойыншықтардың аттарын атай отырып, оларды сипаттап айтуға дағдыландыру. ә) Дамытушылық: жануарлардың төлдерінің аттарын жекеше, көпше түрде айту қабілетін дамыту. б) Тәрбиелік: ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.<br>**Үстел-үсті ойыны:** «Дәм және иіс»<br>**<u>Көркем әдебиет</u>**<br>**Тақырыбы**: Күз өлең<br><br>**Мақсаты:** Күз туралы білімерін тиянақтау. Адамдар еңбегіне құрмет сезімін тәрбиелеу. Ырыс, құт-береке, молшылық сөздерінің мағынасын түсіндіру, сөздік қорын молайту. Байланыстырып сөйлеу тілін, көркемдік талғамын, қимыл-қозғалысын дамыту. | **<u>Математика негіздері</u>**<br>**Тақырыбы: «**Тәулік бөліктері» **Мақсаты**: таңертең – кеш, күн – түн сияқты қарама-қарсы тәулік бөліктерін ажырату білігін қалыптастыру. **Міндеттері:** тәулік бөліктерін балалар мен ересектер әрекетінің мазмұнының өзгеруі бойынша ажырата білуге үйрету; балаларды дайын пішіндерді суретке жабыстыру кезеңдерін сақтау тәсілдерімен таныстыру; жапсырмалармен жұмыс жасауда мұқияттылыққа баулу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Күн тәртібі»<br>**<u>Жаратылыстану</u>**<br>**Тақырыбы: «Алтын күз»**<br>Мақсаттары: а) Күз маусымында жанды және жансыз табиғатта болатын алғашқы өзгерістер туралы түсіндіру. ә) Ауа райы жағдайын анықтау; бақылау қабілетін дамыту. б) Қарапайым экологиялық мәдениет қалыптастыру<br>**Дидактикалық ойын:** «Көреміз, ұстаймыз, сеземіз»<br>**<u>Құрастыру</u>**<br>**Тақырыбы:** «Күзгі жапырақтар»<br>**Мақсаты:** қағаздан құрастыру дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық қиялды дамыту. Міндеттері: - күзгі жапырақтарды қағаз бетіне дұрыс орналастыру дағдыларын қалыптастыру; - түрлі тәсілдерді пайдаланып, қағаз беттерін түрлендіре алу; - табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Қай ағаштың жапырағы?» | **<u>Сурет салу</u>**<br>**Тақырыбы:** «Алтын күз»<br>**Мақсаты:** балалардың күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктерін әсерлі қабылдай білуін қалыптастыру.Күздің бейнесін сюжетті сурет салу барысында жапырақтарды әр жеріне қылқаламның ұшын басып жағу тәсілімен салуды үйреу.Табиғат әсемдігін сезіну арқылы эстетикалық тәрбие беру.<br>**Дидактикалық ойын**<br>«Қай пішінге ұқсайды?»<br>**<u>Музыка</u>**<br>(музыка жетекшісінің жоспары бойынша)<br><br>**<u>Жапсыру</u>**<br>**Тақырыбы:**«Тәрелке дегі қияр мен қызанақ»<br>**Мақсаты**:дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету.<br>**Білімділік міндеті**: көкөністер туралы жалпы білім беру; бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдауға үйрету. Дамытушылық міндеті: аппликация дағдыларын қалыптастыру. Тәрбиелік міндеті:кеңістікті бағдарлай білуге тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын**<br>«Жеміс пе, көкөніспе?» | |

## Екінші кіші топ қараша айы 2021 жыл
## Өтпелі тақырып «Дені саудың – жаны сау»

**Мақсаты:**Денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып,балалардың қимыл белсенділігін дамыту және дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру.

**Міндеттері:**

- Түрлі қимыл қозғалыстарын орындату арқылы денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын (ептілік,төзімділік,икемділік) дамыту;
- Іс-әрекеттің түрлі нысандарында ауызекі сөйлеу дағдыларын, сөздік қорларын жетілдіру;
- Табиғатқа сүйіспеншілікке, қоршаған ортаға қамқорлық жасауға баулу, өнер туындыларына жағымды мінез-құлық қалыптастыру;
- Көз бен қол үйлесімділігін дамыту;
- Әлеуметтік мәдениет негіздерін қалыптастыру.

| **Тақырыпшалар** | **«Денсаулық»** Дене шынықтыру -3 | **«Коммуникация»** Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5 | **«Таным»** Математика негіздері-1 Жаратылыстану-1 Құрастыру-0,5 | **«Шығармашылық»** Сурет салу -1 Музыка-1,5 Мүсіндеу -0,25 Жапсыру-0,25 | **«Әлеумет»** Қоршаған ортамен танысу-0,5 |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **1-апта «Өзім туралы»** | **1.Дене шынықтыру** **(**дене шынықтыру нұсқаушысы ның жоспары бойынша)<br><br>**2.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысы ның жоспары бойынша)<br><br>**3.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысы ның жоспары бойынша) | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Менің сүйікті мысығым (тәжірибе бойынша әңгіме құрау). **Мақсаты:** сурет бойынша әңгіме құрауды жалғастыру,тілде сын есімдерді (кішкентай, тентек, жұмсақ ойынпаз) белсенді қолдана білуге жаттықтыру. **Міндеті: а)** Білімділік: балаларды сурет мазмұнымен таныстыру. ә) Дамытушылық: сурет бойынша әңгіме құрау дағдысын арттыра отырып, «м» дыбысына артикуляциялық жаттығу жасату. б) Тәрбиелік: үй жануарларына деген қамқорлық сезімін ояту..<br>***Дидактикалық ойын:*** «Менің тазалық құралдарым»<br>**Орыс тілі** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** «Шаршы.Үлкен – кіші»<br>**Мақсаты:** жаңа геометриялық пішінмен – шаршымен таныстыру. **Міндеттері**:балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету;шаршының түрлі көлемде (үлкен – кішкентай) болатынын түсіну; жұмбақтар шешуді үйрену; шаршыны көру, қозғау жолымен зерттеу білігін дамыту; шаршыны берілген нүктелері бойынша бастырып жүргізу; топ бөлмесі мен қоршаған ортадан шаршыға ұқсас заттарды көзбен табу білігін дамыту; саусақтың ұсақ моторикасын дамыту; жаңа геометриялық пішіндерді салуға қызығушылықтарын ояту.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Кім тез?»**<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Бөлме өсімдіктерін күту»<br>**Мақсаты:** а) Балалардың бөлме гүлдері, олардың түрлері мен айырмашылықтары туралы түсінігін кеңейту; өсімдіктерді су құятын ыдыстан суаруды үйрету. ә) Өсімдіктерге күтім жасауға деген құштарлығын ояту. б) Олардың сұлулығына қуануға үйрету. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Анама арналған моншақтар»<br>**Мақсаты:** балаларға дөңгелек болып сызылған жіпке гуашь бояуымен бірдей көлемде дөңгелек моншақтардың суретін салуды үйрету.Моншақтың сәндік бұйым екендігін түсіндіру арқылы эстетиалық талғамын дамыту.Көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:**«Менің әшекейлерім»<br><br>**Музыка**<br>(музыка жетекшісінің жоспары бойынша) | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:** «Мен және менің достарым»<br>**Мақсаты:** балаларға «Дос», «Достық» құндылығы туралы түсінік беру;<br>**Міндеттері:**1. Өзінің есімін, тегін атай білуге жаттықтыру. Топтағы балаларды атымен атауды үйрету; «ұл», «қыз» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту.<br>2.Баланың айналаны өзі танып-білуіне жағдай жасау.<br>3. Адамдармен өзара түсініспі, қарым-қатынас жасай білуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2- апта «Дұрыс тамақну. Дәрумендер» | 1.**Дене шынықтыру** **(**дене шынықтыру нұсқаушысы ның жоспары бойынша)<br><br>2.**Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысы ның жоспары бойынша)<br><br>3.**Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысы ның жоспары бойынша) | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Менің көңілді добым (сипаттау). **Мақсаты:** ойыншық туралы әңгіме құрауды жалғастыру, сөздік қорын молайтып, тілін жаттықтыру.<br>**Міндеті:** а) Білімділік: доп туралы түсініктерін кеңейту. ә) Дамытушылық: өлең шумақтарын қайталату арқылы балалардың тілдерін жаттықтыру. б) Тәрбиелік: ойыншықты күтіп, ұқыпты, таза ұстауға тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын: «Қай жемісті алдың?»**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы** «Дәрігер Айболит» ертегісі<br>**Мақсаты:** балаларды мейірімділікке, өзге адамдарға, жануарларға қамқорлық қатынас білдіруге талптандыруды жалғастыру.<br>**Дидактикалық ойын:** «Мен өзімді мақтаймын...» | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** «Алыс – жақын»<br>**Мақсаты:** заттардың кеңістікте орналасуын (алыс – жақын) айыра білуге және атауға үйрету.<br>**Міндеттері**:заттардың өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау:(алыс – жақын); көріп қабылдаған ақпараты негізінде жұмбақтар шешуді жалғастыру; көзбен қабылдауын, дайын пішіндерді (жапсырмалар) кезектілігін сақтай отыра суретті толықтыру мақсатында жапсыру дағдыларын дамыту; бірлескен әрекеттерге қызығушылығын тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын: «Биік, аласа!»**<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «**Жеміс толы себет»<br>**Мақсаты:** а) Жемістің бірнеше түрі жайлы түсінігін жүйелендіру; оларды өсіру тәсілдері туралы түсінігін кеңейту. ә) Есте сақтау, зейін қою, ойлау қабілетін дамыту. б) Қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін қалыптастыру, еңбекқорлыққа баулу.<br>**Дидактикалық ойын:**«Қуыршақты тамақтандырайық»<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «**Анама сыйлық»<br>**Мақсаты:** қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, қағаздан умаждап гүлдер жасай білуге үйрету, қағаз беттерін көлемді пішіндерге түрлендіру **.**<br>**Міндеттері**: - қатырма қағазбен жұмыс жасай білуге үйрету, олардың түсін, көлемін, пішінін ажырата отырып гүлдерді жасай алу; - гүлдерді қағаз бетіне дұрыс орналастыру жазықтықты дұрыс пайдалану қабілеттерін дамыту; - қатырма қағазбен жұмыс жасауда оның көлемі, пішініне сәйкес кеңістікте дұрыс орналастыра білуге дағдыландыру, ата -ананы сыйлап, құрметтей білуге тәрбиелеу .шығармашылығын дамыта отырып, бастаған жұмыстарын ұқыпты аяқтай білуге дағдыландыру<br>**Дидактикалық ойын:**«Бауда ма, бақта ма?» | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Қоянға арналған әшекей(сәбіз,алма)»<br>**Мақсаты:** балалардың қылқаламмен бояу дағдыларын қалыптастыру,қызығушылы қтарын арттыру.Сопақ және дөңгелек заттардың суретін салуға,олардың көркемдік сипатын бейнелеуге үйрету.Аңдарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Жемістер мен көкөністерді ажырат»<br>**Музыка**<br>(музыка жетекшісінің жоспары бойынша)<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «**Мандарин мен апельсин**»**<br>**Мақсаты:**апельсин мен мандариннің айырмашылығын ажырата білуге үйрету;үлкен және кішкентай домалақ заттарды жасауды дамыту;эстетикалық талғамды сақтап, жұмысты ұқыпты үйрету. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **3– апта «Өзіңе және өзгелерге көмектес»** | **<u>1.Дене шынықтыру</u>** **(**дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)<br><br>**<u>2.Дене шынықтыру</u>** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)<br><br>**<u>3.Дене шынықтыру</u>** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша) | **<u>Сөйлеуді дамыту</u>**<br>**Тақырыбы:** Көмекшілер**. Мақсаты:** балаларға әңгіменің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға, жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыруға үйрету.<br>**Міндеті**: а) Білімділік: балаларға «көмекшілер» туралы мағлұмат беру. ә) Дамытушылық: оқу қызметі барысында жұмбақтар жасыру арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. б) Тәрбиелік: үлкенге ізеттілік көрсетуге, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Тәрелкесіне қарай кесесін таңда»<br>**<u>Орыс тілі</u>** | **<u>Математика негіздері</u>**<br>**Тақырыбы:** «Жоғары – төмен. Шаршы»<br>**Мақсаты:** заттардың кеңістікте орналасуын (жоғары – төмен) айыра білуге және атауға үйрету.<br>**Міндеттері:** заттардың өзінің айналасындағы кеңістікте орналасуы туралы ұғымын қалыптастыру (жоғары – төмен); заттардың өзінің айналасындағы кеңістіктегі бағытын ажырату білігін дамытуды жалғастыру: алыс – жақын; шаршыға – геометриялық пішіндеріне сәйкес келетін заттарды қоршаған ортадан таба білу білігі; жұмбақ шешуді жалғастыру; логикалық ойлауын дамыту; бірлескен әрекеттерге, ҰОҚ-не қызығушылығын тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Дұрыс орналастыр»**<br><br>**<u>Жаратылыстану</u>**<br>**Тақырыбы: «**Жәндіктер »<br>**Мақсаты:** а) Жәндіктердің бәрі тірі жан иесі деген түсіндіру: олар да тыныс алады, қозғалады, тамақтанады. ә) Қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу қабілеттерін қалыптастыру. б) Табиғат әлеміне мейірімді болуға үйрету.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«**Дұрыс,бұрыс!» | **<u>Сурет салу</u>**<br>**Тақырыбы:** «Қуыршаққа арналған сақина»<br>**Мақсаты:** балаларды сақинаның дөңгелекке ұқсастығын тауып,соны сала білуге жаттықтыру.Сақинаны салуда бояуды сызықтың шеттеріне шығармай бояуды үйрету.Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру ,ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**<u>Музыка</u>**<br><br>(музыка жетекшісінің жоспары бойынша) | **<u>Қоршаған ортамен танысу</u>**<br>**Тақырыбы:** «Құртақандарды киіндіреміз»<br>**Мақсаты:** қоршаған ортадағы заттар туралы білімдерін кеңейту.<br>**Міндеттері:** 1. Киім туралы түсінік беру, жыл 1 6 мезгілдерінің өзгерістеріне байланысты киімдерді сараптай білуді үйрету.<br>2.Маусымдық өзгерістеріне сәйкес киімдерді таңдау дағдыларын қалыптастыру.<br>3. Тиянақтылықты, мәдени-гигиеналық дағдыларды тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Қимылын көрсет!» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4 – апта «Біз күштіміз,ептіміз» | 1.**<u>Дене шынықтыру</u>** **(**дене шынықтыру нұсқаушысы ның жоспары бойынша)<br><br>2.**<u>Дене шынықтыру</u>** (дене шынықтыру нұсқаушысы ның жоспары бойынша)<br><br>3.**<u>Дене шынықтыр у</u>** (дене шынықтыру нұсқаушысы ның жоспары бойынша) | **<u>Сөйлеуді дамыту</u>**<br>**Тақырыбы:** Шай қайнатуды үйренеміз (дидактикалық ойын)<br>**Мақсаты:** жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыру (ыдыстар),ойын арқылы сөздік қорын кеңейту.<br>**Міндеті:** а) Білімділік: шай ішуге арналған ыдыс-аяқтар және шайды дайындау туралы түсінік беру. ә) Дамытушылық: есте сақтау қабілеттерін дамыту және сөздік қорларын молайту. б) Тәрбиелік: балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу<br>**Дидактикалық ойын**: «Күштілерді тап»<br>**<u>Көркем әдебиет</u>**<br>**Тақырыбы:** «Аққу-каздар»ойыны.<br><br>**Мақсаты:** қарым-қатынас ережелерін сақтауға үйрету, өзге адамға мейірімділікті, қамқорлық қатынас білдіруді ниеттеуді жалғастыру.<br><br>Дид**актикалық ойын:**<br>**«Қай аңның үйшігі?»** | **<u>Математика негіздері</u>**<br>**Тақырыбы:** «Үшбұрыш»<br>**Мақсаты:** жаңа геометриялық пішінмен – үшбұрышпен таныстыру. **Міндеттері:** балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету;шаршының түрлі көлемде (үлкен – кішкентай) болатынын түсіну;көру-қозғау жолымен зерттеу білігін дамыту; үшбұрышты нүктелер бойынша қосу; заттардағы геометриялық пішіндерді тану және оларды атау білігін дамыту; басқаларға көмектесуге тәрбиелеу..<br>**Дидактикалық ойын: «Бәйтеректі сипатта»**<br>**<u>Жаратылыстану</u>**<br>**Тақырыбы:** «Аңдар қысқа қалай дайындалады?»<br>**Мақсаты:** а) Балалардың жабайы жануарлар, олардың қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделу қабілеті туралы түсінігін нығайту және кеңейту. ә) Табиғаттағы маусымдық өзгерістер мен жануарлардың мінез-құлқы арасындағы қарапайым байланыстарды анықтау қабілетін дамыту: жүнінің түсін ауыстыру, қысқы ұйқыға кетуі, қысқа қор жинауы. б) Балаларды жануарларға мейірімді болуға үйрету.<br>**Аңдар туралы бейнефильм көру.**<br>**<u>Құрастыру</u>**<br>**Тақырыбы:** «Қақпа»<br>**Мақсаты:** үлгі бойынша құрастыру, құрылыс материалдарының негізгі бөлшектері, олардың бөліктері туралы білімді қалыптастыру, құрылыс материалдарын түсіне, пішініне сәйкес дұрыс пайдаланып биік және аласа қақпаларды құрастыра білуге үйрету. **Міндеттері:** - құрылыс материалдарының негізгі бөлшектері, олардың бөліктері туралы білімді қалыптастыру; - құрылыс материалдарын түсіне, пішініне сәйкес дұрыс пайдаланып биік және аласа қақпаларды құрастыра білуге үйрету; - текшелерді бірінің үстіне бірін қоя білу, кеңістікті дұрыс бағдарлай алуға дағдыландыру; -ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу | **<u>Сурет салу</u>**<br>**Тақырыбы:** «Қуыршақтың мойынорағышы»<br>**Мақсаты:** балалардың мойынорағыш туралы түсініктерін қалыптастыру.Мойын орағыштың суретін салуда сызықтарды дұрыс сызу және ұқыпты бояй білуге үйрету.Ұқыптылыққа,әдемі лікке тәрбиелеу.<br>**<u>Музыка</u>**<br>(музыка жетекшісінің жоспары бойынша)<br>**<u>Жапсыру</u>**<br>**Тақырыбы:** «Достарыма арналған шарлар»<br>**Мақсаты**:заттардың орналасуы, олардың арасында аракашықтықтың сақталу заңдылығы туралы дағдыларын қалыптастыру.<br>**Білімділік міндеті:** негізгі түстер туралы білімдерін нақтылау; белгілі ретпен түрлі пішіндегі дайын бейнені қағазға жапсыруды үйрету. Дамытушылық міндеті:аппликация дағдыларын қалыптастыру. Тәрбиелік міндеті:аппликация қызметіне қызығушылығын ояту; достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Қай аң күшті?» | |

**Желтоқсан  айы 2021 жыл**

**Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным!»**

**Мақсаты:** Балалардың бойында отансүйгіштік  сезімдерін қалыптастыра отырып, туған елін,  жерін құрметтеуге тәрбиелеу;  рухани-адамгершілік қасиеттерге баулу

.  Денсаулықты нығайтуға ықпал ете отырып, тілді игеру және комуникативтік дағдыларын дамыту, қоршаған ортаның біртұтастығы туралы білімдерін жағымды мінез құлық негіздерін қалыптастыру.

**Міндеттері:**

- Дене жаттығуларына  қызығушылықтарын арттыру негізінде балалардың  салауатты өмір салты туралы түсініктерін жетілдіру;
- Қоршаған әлеммен өзара іс – қимыл жасау үшін қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру;
- Көрнекі-қимылдық ойлау дағдыларын және   музыкалық қабілеттерін дамыту;
- Үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу отырып, өз Отаны мен отбасына деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту;

-

| **Тақырыпшалар** | **«Денсаулық»**<br>Дене шынықтыру -3 | **«Коммуникация»**<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-0,5<br>Орыс тілі-0,5 | **«Таным»**<br>Математика негіздері-1<br>Жаратылыстану-1<br>Құрастыру-0,5 | **«Шығармашылық»**<br>Сурет салу-1<br>Музыка-1,5<br>Мүсіндеу -0,25<br>Жапсыру-0,25 | **«Әлеумет»**<br>Қоршаған ортамен танысу-0,5 |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **1-апта «Алақай ,қыс келді!»** | **1.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысы ның жоспары бойынша)<br><br>**2.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысы ның жоспары бойынша)<br><br>**3.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысы ның жоспары бойынша) | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Қысқы серуен (әңгіме құрау). **Мақсаты:** сурет бойынша әңгімелесуді жалғастыру,қыс мезгілін сипаттай отырып, сөздік қорын дамыту, сөз тіркестерін дұрыс айта білуге жаттықтыру.<br>**Міндеті:** а) Білімділік: қыс мезгілі жайында әңгімелесу, балаларға сұрақ қою арқылы қысқы серуен тақырыбы аясында білімдерін кеңейту. ә) Дамытушылық: қыс мезгілін сипаттай білуге үйрету, сөздік қорларын дамыту. б) Тәрбиелік: табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге, сезінуге тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** «Үшбұрыш»<br>**Мақсаты:** жаңа геометриялық пішінмен – үшбұрышпен таныстыру. **Міндеттері:** балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету;шаршының түрлі көлемде (үлкен – кішкентай) болатынын түсіну;көру-қозғау жолымен зерттеу білігін дамыту; үшбұрышты нүктелер бойынша қосу; заттардағы геометриялық пішіндерді тану және оларды атау білігін дамыту; басқаларға көмектесуге тәрбиелеу..<br>**Дидактикалық ойын: «Бәйтеректі сипатта»**<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Қыс келді»<br>**Мақсаты:** а) Қыста табиғатта болатын құбылыстар жайлы түсінігін кеңейту. ә) Байқампаздық қабілетін, жыл мезгілдері мен ауа райының арасындағы қарапайым себеп-салдар байланысын анықтау қабілетін дамыту. б) Барлық тіршілік иелеріне қамқорлық жасауға үйрету . | **Сурет**<br>**Тақырыбы:** «Жапалақтап алғашқы қар жауып тұр»<br>**Мақсаты:** бал-дың алғашқы табиғи құбылыстарға қуана білуіне ықпал ету,қоршаған ортаға –үйлерге,заттарға,ағаштарға,жерге қарай қардың қалай әдемі болып жауатындығын бақылату.Көк түс пен ақ түсті бір-бірімен үйлесімділігін көңіл бөлуді үйрету.Таяқшаларды пайдаланып тіс пастасымен қар салуды үйрету.Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәриелеу.<br>**Музыка**<br>(музыка жетекшісінің жоспары бойынша) | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:** «Армысың,қар ұшқыны!»<br>**Мақсаты:** балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру;<br>**Міндеттері:**1. Қыс мезгілі, қар, қыстағы адамдардың тіршілігі туралы түсініктерді қалыптастыру. Қыс мезгілінде болатын құбылыстар туралы түсіндіру. 2. Табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау дағдыларын қалыптастыру. 3.Әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру арқылы табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2- апта «Жайнай бер, Қазақстаным!» | **1.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысы ның жоспары бойынша)<br><br>**2.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысы ның жоспары бойынша)<br><br>**3.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысы ның жоспары бойынша) | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Музыкалық ойыншықтар (сипаттау, әңгіме құрау). **Мақсаты:** музыкалық аспаптар түрлерімен таныстыру, одан шыққан әуенді тыңдай білуге, дауыс артикуляциясы арқылы дыбысталуын ажыратуға үйрету. 1 12 Міндеті: а) Білімділік: музыкалық аспаптармен таныстыру. ә) Дамытушылық: дауыс артикуляциясы жаттығулары арқылы дыбыстарды дұрыс, анық айту дағдысын дамыту. б) Тәрбиелік: музыкалық аспаптардан шыққан әуенді тыңдай білуге жаттықтыру. Әсемдікті сезінуге тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Аулымыздың көрікті жерлерін атайық»<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы**: «Отан» өлеңі, мәнерлеп оқу.<br>**Мақсаты:** Отан туралы шығармаларды оқып беру арқылы әдебиетке құштарлыққа баулу, өлеңді мәнерлеп оқуға үйреу. Өз Отанын сүюге тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Суреттегі көрікті жерлерді ата» | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** «Үлкен, кіші, кішкентай. Оң жақ – сол жақ»<br>**Мақсаты:** көлемі туралы ұғымдарын қалыптастыру – үлкен, кішірек, кішкентай. **Міндеттері:** таныс заттарды көлемі бойынша: үлкен, кішірек, ең кішкентай – салыстыруды жалғастыру, анықтау нәтижесін сөзбен жеткізе білу; жұмбақтарды шеше білуге үйретуді жалғастыру; заттарды ұқсас белгілеріне (көлеміне) қарап айыра білуге үйрету; заттарды өзінің қай жағында тұрғанына қарай сөзбен атауды жалғастыру (сол жақ, оң жақ). Заттарды көлеміне қарай сол жақтан оңға қарай орналастыру керектігін дамыту; мұқияттылығын, қозғалмай отыруға тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Ауылға қонаққа барайық»<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Қыста құстарға қамқор боламыз»<br>**Мақсаты:** а) Қыстап қалатын құстар туралы түсіндіру. ә) Жұмбақ шешу қабілетін дамыту. б) Балаларды «біздің кішкентай достарымызға» жанашырлық танытуға баулу.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** «Торсық» (құрылыс материалдарынан құрастыру)<br>**Мақсаты:** қиылған қағазбен құрастыру, қағаз беттерін көлемді пішіндерді түрлендіру, қатты қағаздан қиылған торсықты төрт бөліктен құрастыруға үйрету. **Міндеттері:** - қиылған пішіндерді құрастыру арқылы қағазбен құрастыру дағдыларын қалыптастыру; - ұсақ бөлшектерден бүтін заттың бейнесін құрастыру; - қағазбен жұмыс жасауды, оны көлеміне, пішініне сәйкес кеңістікте дұрыс орналастыра алу; | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Мерекелік отшашу» .<br>**Мақсаты:**.Балаларды қарындашты дұрыс пайдаланып сурет салуға жаттықтыру.Мерекені қуанышпен қарсы алу арқылы эмоциялық көңіл күйлерін көтеру.Үзік сызықтарды үйлестіре қосу арқылы отшашудың суретін салуға үйрету.Қоршаған ортаны бақылап,оның өзгерістерін байқай білуге үйрету.Ұқыпты жұмыс жасауға,өз өлкесіне сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>(музыка жетекшісінің жоспары бойынша)<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** «Шырша шырақтары»<br><br>**Мақсаты:** Жаңа жыл шырша ойыншықтары туралы жалпы түсінік беру; әртүрлі пішіндерді мүсіндеу және бір ұшын үшкірлеп мүсіндеу іскерліктерін шыңдау, тақпақтар, өлеңдер айтқызып тілін, сөздік қорларын дамыту; шығармашылық қабілеттерін дамытуға тәрбиелеу. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **3-апта «Тәуелсіз Қазақстан (ҚР тұңғыш президенті, мемлекетті рәміздер)»** | **<u>1.Дене шынықтыру</u>**<br>**(**дене шынықтыру нұсқаушысы ның жоспары бойынша)<br><br>**<u>2.Дене шынықтыру</u>**<br>(дене шынықтыру нұсқаушысы ның жоспары бойынша)<br><br>**<u>3.Дене шынықтыру</u>**<br>(дене шынықтыру нұсқаушысы ның жоспары бойынша) | **<u>Сөйлеуді дамыту</u>**<br>**Тақырыбы:** Қуыршақ Әйгерім және Динара балаларда қонақта.<br>**Мақсаты:** ойын және ойын жаттығулар арқылы сөздік қорын кеңейту,балалардың сөйлеу тілін заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен байыту. Міндеті: а) Білімділік: қонақты күту ережесі жайында түсінік беру. ә) Дамытушылық: балалармен әңгімелесу барысында сөздік қорларын дамыту. б) Тәрбиелік: сыпайылыққа, қонақжайлыққа тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:**«Рәміздерде не бейнеленген?»<br><br>**<u>Орыс тілі</u>** | **<u>Математика негіздері</u>**<br>**Тақырыбы:** «Біркелкі заттар. Үлкен, кіші, кішкентай»<br>**Мақсаты:** дағдыларды қалыптастыру біркелкі заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету; заттарды көлемі бойынша салыстыруға үйретуді жалғастыру. **Міндеттері:** көп біркелкі заттарды табуды, олардан жекелеген затты бөліп алуды үйрету; «көп», «біреу», «бір-бірден» ұғымдарын ажырата білуді үйрету; таныс заттарды көлемі бойынша салыстыруға үйретуді жалғастыру, үлкен, кішірек, кішкентай деген көлемдерді сөйлегенде қолдану; логикалық ойлауын дамыту; оқу қызметінде тапсырмаларды орындауға қызығушылығын тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Астананың ғажайып ғимараттары» (Қиындыдан құрастыру)<br>**<u>Жаратылыстану</u>**<br>**Тақырыбы: «Аққала»**<br>**Мақсаттары:** а) Қардың қасиеттері туралы түсіндіру. ә) Қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу дағдыларын қалыптастыру. б) Қайырымдылық, ізгілік, бір-біріне қол ұшын беру сынды қасиеттерге баулу. | **<u>Сурет салу</u>**<br>**Тақырыбы:** «Қазақтың ұлттық ою-өрнегінің екі элементі»<br>**Мақсаты:** өрнекті кілемшені қазақтың ою-өрнек элементтерімен әшекейлей білуге үйрету.Ою-өрнектер туралы түсініктерін дамыту.Кілемшені «қой ізі»және «ирек су»өрнегімен әшекейлеуді үйрету.Бояуды дұрыс пайдалана білуге ,әсемдікке ,ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Жасырынған суретті тап»<br>**<u>Музыка</u>**<br><br>(музыка жетекшісінің жоспары бойынша) | **<u>Қоршаған ортамен танысу</u>**<br>**Тақырыбы:** «Менің Отаным-Қазақстан»<br>**Мақсаты:** Отан туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Міндеттері:**<br>1.Қазақстанның кең-байтақ, бай мемлекет екенін түсіндіру. Мемлекет астанасы туралы түсінік беру. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы түсініктерін дамыту: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туымен таныстыру.<br>2.Балалардың қызығушылығын, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; патриоттық сезімді тәрбиелеу, өз Отаны туралы білуге деген құштарлығын ояту;<br>3.Туған жерін сүюге, қадірлеуге үйрету..<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Өз мекенін тап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **4-апта «Жер –Ана»** | **1.<u>Дене шынықтыру</u>** (дене шынықтыру нұсқаушысы ның жоспары бойынша)<br><br>**2.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысы ның жоспары бойынша)<br><br>**<u>3.Дене шынықтыр у</u>** (дене шынықтыру нұсқаушысы ның жоспары бойынша) | **<u>Сөйлеуді дамыту</u>**<br>**Тақырыбы:** Бізге қуыршақтар келді.<br>**Мақсаты:** балалардың ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту,ересектермен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдау және түсіне білуге үйрету,ойын арқылы сөздік қорын байыту. **Міндеті: а)** Білімділік: қуыршақты сипаттай отырып, оған деген қызығушылығын арттыру, зейінін жетілдіру. ә) Дамытушылық: қуыршақпен ойын ұйымдастыру арқылы балалардың танымдық қабілетін дамыту. б) Тәрбиелік: бір-біріне қамқор болуға, ұйымшылдықпен ойнауға тәрбиелеу.<br>**ойын**:«Суретте не бейнеленген?»<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы**: «Қайырымдылық» (әңгіме)<br><br>**Мақсаты:** адам жүріс-тұрысының ерекшеліктерін бағалауға үйретуді жалғастыру, өзге адамға деген мейірімділікті, қамқорлық қатынасты білдіруге ниеттерін ояту.**Дидактикалық ойын:**«Бұл қай жер?» | **<u>Математика негіздері</u>**<br>**Тақырыбы:** «Жоғары – төмен. Үшбұрыш»<br>**Мақсаты:** заттардың өзінің айналасындағы кеңістікте орналасуын ажыратып, атау ұғымын қалыптастыру (жоғары – төмен). **Міндеттері:** кеңістік бағыттарын анықтауға баулу (жоғары – төмен); геометриялық пішіндермен таныстыруды жалғастыру: үшбұрыш. Логикалық ойлауын дамыту; бірлесіп ойнауға қызығушылығын тәрбиелеу<br>**Дидактикалық ойын: «Түсіне қарай топтастыр»**<br>**<u>Жаратылыстану</u>**<br>**Тақырыбы:** «Қағаз бен мата»<br>Қағаз бен матаның қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру. Қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу дағдыларын жетілдіру. Қоршаған ортадағы заттарға, ересектердің еңбегіне құрметпен карауға үйрету.<br>**Бейнефильм көру**<br><br>**<u>Құрастыру</u>**<br>**Тақырыбы: «Қар жауып тұр»**<br>**Мақсаты:** қағазды умаждау әдісімен таныстыру , қағазды умаждау арқылы белгілі бір пішінге келтіріп қар кесектерін жасауға болатынын түсіндіру . **Міндеттері:** - қағазды умаждау арқылы жауған қарды жасай білуге үйрету; - ұсақ қол моторикасын дамыту; - табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу<br>**Дидактикалық ойын:** «Бөліктерін тап» | **<u>Сурет салу</u>**<br>**Тақырыбы:** «Қар кесегі»<br>**Мақсаты:** балалардың қыс мезгілі,қар туралы түсініктерін кенейту.Көк түс пен ақ түстің бір-біріне үйлесімділігіне көніл бөлуді үйрету.Тіс пастасына сұқ саусақты малып,қар кесегін салуды үйрету.Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.<br>**Дидактикалық ойын: «Көңілді бояулар»**<br>**<u>Музыка</u>**<br>**<u>Жапсыру</u>**<br>**Тақырыбы:** «Ұзын құлақ ақ қоян»<br>**Мақсаты**:дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға дағдыларын қалыптастыру. **Білімділік міндеті: қ**оян туралы түсінік беру; қоянның дене бөліктерін атай білуді, қоянның дене бөліктерін қағаз бетінде дұрыс орналастыра білуді үйрету. Дамытушылық міндеті:жапсыру реттілігін түсіндіру және жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Тәрбиелік міндеті:жануарларға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br><br>**Дидактикалық ойын:** «Адасқан суреттер» | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **5. апта Жаңа жылдық сыйлықтар!** | **1.<u>Дене шынықтыру</u>** **(**дене шынықтыру нұсқаушысы ның жоспары бойынша)<br><br>**2.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысы ның жоспары бойынша)<br><br>**<u>3.Дене шынықтыру</u>** (дене шынықтыру нұсқаушысы ның жоспары бойынша) | **<u>Сөйлеу дамыту</u>**<br>**Тақырыбы**: Жасыл шырша жанында (өлең бойынша әңгіме құрау, жаттау).<br>**Мақсаты:** өлең мазмұны бойынша әңгіме құрауға, зат есім, сын есімдерді байланыстырып айтуға, тілге тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. **Міндеті:** а) Білімділік: балалардың шырша туралы түсініктерін кеңейту. ә) Дамытушылық: А. Асылбековтың «Жасыл шырша жанында» өлеңімен таныстыра отырып, өлең жолдарының мазмұнын түсіне білу қабілетін дамыту. б) Тәрбиелік: табиғатты аялауға, әсемдікті көре білу | **<u>Математика негіздері</u>**<br>**Тақырыбы:** «Жоғары – төмен. Үшбұрыш»<br>**Мақсаты:** заттардың өзінің айналасындағы кеңістікте орналасуын ажыратып, атау ұғымын қалыптастыру (жоғары – төмен).<br>**Міндеттері:** кеңістік бағыттарын анықтауға баулу (жоғары – төмен); геометриялық пішіндермен таныстыруды жалғастыру: үшбұрыш. Логикалық ойлауын дамыту; бірлесіп ойнауға қызығушылығын тәрбиелеу<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Түсіне қарай топтастыр»**<br>**<u>Жаратылыстану</u>**<br>**Тақырыбы:** «Қыс келді»<br>**Мақсаттары:** а) Қыста табиғатта болатын құбылыстар жайлы түсінігін кеңейту. ә) Байқампаздық қабілетін, жыл мезгілдері мен ауа райының арасындағы қарапайым себеп-салдар байланысын анықтау қабілетін дамыту. б) Барлық тіршілік иелеріне қамқорлық жасауға үйрету. | **<u>Сурет салу</u>**<br>**Тақырыбы:** «Шырша шамдары»<br>**Мақсаты:**Шыршаны әшекейлеу үшін түрлі әдістермен,қылқаламмен, мақталы таяқшамен сурет салу әдістерін үйрету арқылы эстетикалық талғамын дамыту,әдемілікті,әсем безендірулерді сезіне білуге тәрбиелеу.<br>**<u>Музыка</u>** | **<u>Қоршаған ортамен танысу</u>**<br>**Тақырыбы: «Армысың,қар ұшқыны!»**<br>**Мақсаты:** балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру;<br>**Міндеттері:**1. Қыс мезгілі, қар, қыстағы адамдардың тіршілігі туралы түсіндіктерді қалыптастыру. Қыс мезгілінде болатын құбылыстар туралы түсіндіру. 2. Табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау дағдыларын қалыптастыру. 3.Әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру арқылы табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. |

**Екінші кіші топ 2022жыл қаңтар айы**
**Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»**

**Мақсаты:** Балалардың тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары, маусымдық өзгерістер, өсімдіктер, жануарлар, жәндіктер туралы білімдерін кеңейту. Тілді игеру және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыра отырып, эстетикалық талғамдарын дамыту, қоршаған ортаға ұқыпты карауға тәрбиелеу

**Міндеттері**:

- Балалар денсаулығын сақтау және нығайту шараларын жетілдіру;
- Қарым – қатынас мәдениетіне тәрбиелеу;
- Қарапайым байланыстар туралы білімдерін байыту;
- Туған өлкенің өсімдіктері, құстары, жануарлары , олардың өздеріне тән белгілері туралы білімдерін кеңейту;
- Өзгенің еңбегіне құрметпен карауға тәрбиелеу.

| **Тақырыпша** | **«Денсаулық»-3** Дене шынықтыру -3 | **Коммуникация-2** Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет -0,5 Орыс тілі-0,5 | **Таным- 2,5** Математика негіздері-1 Жаратылыстану-1Құрастыру-0,5 | **Шығармашылық- 3** Сурет салу-1, Музыка – 1,5 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25, | **Әлеумет:0,5** Қоршаған ортамен танысу -0,5 |
|---|---|---|---|---|---|
| **І-апта «Айналамыздағы өсімдіктер»** | **1.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)<br><br>**2.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысын | **1.Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** Шана тебеміз (әңгіме құрау). **Мақсаты:** ересектермен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдау және түсіне білуге,қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға сөздерге қызығушылығын арттыру,зейінін жетілдіру, балалардың сөздік қорына антонимдер- мағынасы қарама-қарсы сөздерді енгізге үйрету,шағын тақпақтарды жаттату. | **1.Математика негіздері** **Тақырыбы:** «Алдында– артында. Жоғары– төмен» **Мақсаты**: өзінің дене бөліктерінің орналасу бағдарын білуге үйрету (алдында – артында). **Міндеттері:** заттардың өзіне тікелей жақын кеңістікте орналасқан заттардың бағытын ажырату (алдында – артында) түсініктерін қалыптастыру; заттардың өзінің айналасындағы кеңістіктегі бағытын ажырату білігін дамытуды жалғастыру: (жоғары – төмен); сөздерді қолдана алу: алдында, артында, жоғары, төмен; қарындашпен жұмыс жасауды, сезім қозғалыс түйсіктері арқылы балалардың зейінін дамытуды жалғастыру. **Дидактикалық ойын:** «Лото» | **1.Сурет салу** **Тақырыбы:** «Қысқы шыршалар» **Мақсаты:** Балалардың сурет салу іскерлік дағдыларын жетілдіру,тіс пастасымен жұмыс істеуге жаттықтыру.Табиғатты сүйе білуге,аялауға,қорғай білуге,ұқыптылыққа,әдемілікке тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын:** «Жыл мезгілі» | **Қоршаған ортамен танысу** **Тақырыбы:** «Бөлме өсімдіктері» **Мақсаты:** балалардың табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктері туралы білімдерін толықтыру. **Міндеттері:** 1.Қазтамақ пен фикус гүлі туралы айтып, оларды бір- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ың жоспары бойынша)<br><br>**<u>3.Дене шынықтыру</u>** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша) | Міндеті: а) Білімділік: балалардың қыс туралы білімдерін кеңейту. ә) Дамытушылық: "Шана" өлеңін жаттата отырып, сөздік қорларын дамыту. б) Тәрбиелік: бір-біріне қамқор болуға, ұйымшылдықпен ойнауға тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Таңғажайып орман»<br><br>**<u>2.Орыс тілі</u>** | (өсімдіктер карточкасы)<br><br>**<u>Жаратылыстану:</u>**<br>**Тақырыбы:** «Бақбақ пен қызғалдақты салыстыру»<br>**Мақсаты:** а) Көктемнің алғашқы гүлдері туралы түсіндіру; олардың негізгі бөліктерінің атауларын дұрыс атауға үйрету. ә) Есте сақтау, байқампаздық және ойлау қабілетін дамыту. б) Балаларды табиғатты аялауға, қоршаған ортаға мейірімді болуға, қоршаған ортаның сұлулығын қызықтай білуге үйрету | **2.<u>Музыка</u>**<br><br>(музыка жетекшісінің жоспары бойынша) | бірінен ажырата білуге, тани білуге үйрету және күту ерекшеліктерімен таныстыру. 2. Бөлме өсімдіктерін тану және атау, өсімдіктердің бөліктерін тану дағдыларын қалыптастыру. 3. Бөлме өсімдіктерін қалай күту керектігін іс жүзінде көрсету арқылы еңбекқорлыққа баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **2-апта « Жануарлар әлемі»** | **<u>1.Дене шынықтыру</u>** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)<br><br>**<u>2.Дене шынықтыру</u>** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)<br><br>**3.<u>Дене шынықтыру</u>** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша) | **<u>Сөйлеуді дамыту:</u>**<br>**Тақырыбы:** «Ерке төлдер» тақырыбында әңгіме құрау.<br>**Мақсаты**: суреттер бойынша әңгіме құрауға,мазмұндауға сұрақтарға жауап беруге, үй жануарларының төлдерін жекеше, көпше түрде атауға үйрету. **Міндеті**: а) Білімділік: үй жануарлары жайында түсінік беру. ә) Дамытушылық: сұрақ-жауап арқылы балалардың ауызекі сөйлеу тілі мен сәйкестендіре білу қабілетін дамыту. б) Тәрбиелік: үй жануарларына қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу<br>**Дидактикалық ойын: «Даусынан таны»**<br>**<u>Көркем әдебиет</u>**<br>**Тақырыбы:** «Жайлау» өлеңі.<br><br>**Мақсаты:**шығарма кейіпкерлердің жүріс-тұрысына эмоциялық ықпалдастық танытуға талаптандыру. Ұқсас жағдайда кейіпкерлердің әрекеттерін және өзінің жүріс-тұрысын бағалауға үйрету.<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Қайда бардым, не көрдім?» | **<u>Математика негіздері</u>**<br>**Тақырыбы:** «Үшбұрыш. Шаршы. Шеңбер»<br>**Мақсаты:** балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйретуді жалғастыру: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуді жалғастыру.<br>**Міндеттері:** геометриялық пішіндер туралы білімдерін дамытуды жалғастыру: шеңбер, шаршы, үшбұрыш; көру және ұстап көру арқылы пішіндерді зерттеуді жалғастыру, оларды қоршаған ортадан табуға баулу; есту және көрулерін дамыту, логикалық ойлауын дамыту; балалар арасында достық қарым-қатынасқа, сабаққа қызығушылыққа баулу.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Әрқайсысының өз үйі бар»<br>**<u>Жаратылыстану:</u>**<br>**Тақырыбы:**«Жабайы жануарлар»<br>**Мақсаты:** а) Жабайы жануарлар мен олардың төлдері туралы алғашқы түсінік қалыптастыру. ә) Жабайы жануарлардың тіршілігі туралы мағлұмат бере отырып, балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. б) Жанды табиғатты аялауға үйрету.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Аңдарды қоректендіреміз»**<br>**<u>Құрастыру</u>**<br>**Тақырыбы:** «Лақтарға және боталарға арналған қоршаулар»<br>**Мақсаты:** ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыру, көп түсті құрылым жасау, құрылыс материалдарының негізгі бөлшектері, пішіні, түсі, шамасы бойынша тану.<br>**Міндеттері:** - әр түрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар жасай білуге үйрету; - құрылыс бөліктерін ажырату және құрастырған құрылысын жануарлардың өлшемдерімен үйлестіру; - үй жануарларына қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. | **<u>Сурет салу</u>**<br>**Тақырыбы:** «Кірпіге арналған әшекей(алмалар,саңырау құлақтар)»<br>**Мақсаты:** Кірпіге арналған әшекей салуға қызығушылықтарын тарттыру,бояумен сурет салу дағдыларын бекіту.Қағаз бетіне езілген бояуды жүргізу арқылы толық бояуға қызықтыру.Эстетикалық талғамдарын арттыру.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Аңдардың дене мүшелерін табайық»<br>**<u>Музыка</u>**<br>(музыка жетекшісінің жоспары бойынша)<br>**<u>Мүсіндеу</u>**<br>**Тақырыбы: «Аққала»**<br>**Мақсаты: а)** Қыс мезгілі туралы түсінік беру.<br><br>**ә)** Сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту<br><br>**б)** Өлеңді жатқа айта білу арқылы көркем әдебиетке қызықтыру. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **3-апта «Құстар- біздің досымыз»** | **1.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)<br><br>**2.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)<br><br>**3.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша) | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Дыбыстарды дұрыс айтайық (а–ә, о–ө).<br>**Мақсаты:** тілдегі дыбыстарды дұрыс айта білуін және зейін қойып тыңдауын жетілдіру,сөздерде дауысты дыбыстарды анық айта білуін қалыптастыру.<br>**Міндеті:** а) Білімділік: балаларға үй құстары мен үй жануарларының төлдерінің дыбыстауы жайында мағұлмат беру. ә) Дамытушылық: дауысты дыбыстарды (а, ә, о, ө) дұрыс айту үшін артикуляциялық жаттығулар арқылы жаттықтыру. б)Тәрбиелік: үй құстары мен үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын: «Ұшты-ұшты»**<br><br>**Орыс тілі** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** «Биік – аласа. Сол жақ – оң жақ»<br>**Мақсаты:**заттардың өзінің айналасындағы кеңістікте орналасуын үйретуді қалыптастыру (биік– аласа,сол жақ – оң жақ). **Міндеттері:** таныс заттарды биіктігі бойынша салыстыру білігін қалыптастыру (биік–аласа); ағзаның бөліктерінің орналасуына бағыт беруді жалғастыру: сол жақ – оң жақ; көзбен қабылдауын, дайын пішіндерді (жапсырмалар) жапсыру, қарындашпен жол салу дағдыларын дамыту; бір-біріне көмектесу талаптарын тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын: «Танграм»**<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**« Қыстап қалатын құстар»<br>**Мақсаты:** а) Қыстап қалатын құстармен таныстыру. ә) Тануға, білуге деген құштарлығын дамыту. б) Балаларды қайырымды болуға, құстарға көмектесуге (жем шашу) баулу<br>**Дидактикалық ойын: «Құстар еліне саяхат»** | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Құстар»<br>**Мақсаты:** құстар туралы түсініктерін кенгейту.Құстардың үнін,қимыл-қозғалысын бейнелеп,дене бөліктерін ажырата білуге үйрету.Құстардың бейнесін сала білуге үйрету,сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру.құстарға қамқорлық жасап,қорғай білуге тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын: «Құстар қимылы»**<br>**Музыка**<br>(музыка жетекшісінің жоспары бойынша) | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:** «Табиғат бұрышындағы құстарды бақылау»<br>**Мақсаты:** балаларды жанды табиғат өкілдерімен таныстыруды жалғастыру.<br>**Міндеттері:** 1. Табиғат бұрышындағы құстың ерекшіліктерімен таныстыру; 2.Сөздік қорларын «құстың жүні, мамығы», «қанат» деген сөздермен толықтыру. Құстардың суреттерін көрсету арқылы зейіндерін және білуге деген құштарлықтарын арттыру. 3. Табиғат бұрышының тіршілік иелері ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын: «Құстардың ұясы қайда?»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **4-апта«Ғажайып қыс»** | **1.Дене шынықтыру** **(**дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)<br><br>**2.Дене шынықтыру** **(дене** шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)<br><br>**3.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша) | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Марғау қыс мезгіліне қалай таңғалды? (Әңгіме құрау). **Мақсаты:** балалардың қыс туралы түсінігін кеңейту, қысқы табиғаттағы әсемдікті көре білуге, сезінуге үйрету.<br>**Міндеті:** а) Білімділік: қысқы табиғат көріністері жайында әңгімелесу. ә) Дамытушылық: балаларға жұмбақ шешкізу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, сөйлем құрату арқылы сөздік қорларын молайту. б) Тәрбиелік: табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге, сезімталдыққа тәрбиелеу.<br>. **Дидактикалық ойын: «Қар қандай?» сөздік ойыны**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы**: «Суретші қыс» өлең<br>**Мақсаты:** өлеңді көрнекі құралдар көмегінсіз жатқа айтуға, оны дауыс ырғағымен мәнерлеп оқуға үйрету. Балаларды шығарма мазмұнын өз іс-тәжірбесімен салыстыра отырып, өзінің күнделікті өмірімен және қоршаған ортамен байланыстыра білуіне үйрету.<br>**Дидактикалық ойын**: «Ретімен орналастырайық» | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** «Ұзын – қысқа. Беттестіру және тұтастыру тәсілдер»<br>**Мақсаты:**әртүрлі заттар тобын көлеміне,ұзындығына қарай (ұзын – қысқа)беттестіру және тұтастыру тәсілдері бойынша салыстыру дағдысын қалыптастыру.<br>**Міндеттері**:ұзындығына қарай бір-біріне қарама-қарсы екі затты салыстыруды үйрету: сөйлегенде «ұзынырақ», «қысқарақ» сөздерін қолданып білдіру;беттестіру және тұтастыру тәсілдерін қолдану; таныс заттарды саны бойынша салыстыруға үйретуді жалғастыру: (біреу – көп); өз бетімен жұмыс жасауға және ұқыптылыққа тәрбиелеу..<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Ұлпа қарларды санаймыз»<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Қаңтарда қар көп жауады»<br>**Мақсаты:** а) Балалардың қыста жанды және жансыз табиғатта болатын құбылыстар жайлы түсінігін нығайту. ә) Қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу дағдыларын қалыптастыру. б) Қатар құрбыларымен достық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу**.**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Сырғанақ»<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** « Әдемі шырша»<br>**Мақсаты:** Жаңа жыл мерекесіне дайындық ретінде түрлі тәсілдерді пайдаланып қағаздан шыршаны бүктеп, қиып жасай білуге үйрету, қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. **Міндеттері: -** қағаздан жұмыс жасауда оның түсін, көлемін, пішінін ажырата алу және оны бүктеу арқылы шырша жасай білуге үйрету; - қарама-қарсы бұрыштарын теңестіріп, бүктеу ұғымдарын түсіндіру; - ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Қысқы шыршалар»<br>**Мақсаты:** Сурет салу іскерлік дағдыларын жетілдіру, қарапайым табиғат құбылыстарын бейнелеуде дәстүрден тыс техникаларды қолдану (тіс пастасымен жұмыс). **Дидактикалық ойын:**<br>«Шыршаны безендіреміз»<br>**Музыка**<br>(музыка жетекшісінің жоспары бойынша)<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «**Шырша шамдарын жағамыз**»**<br>**Мақсаты**:ересектер даярлаған ірі және ұсақ бөліктерді орналастыруға және желімдеуге үйрету.<br>**Білімділік міндеті**: Жаңа жыл мерекесі және қыс мезгілі туралы білім беру; шыршаны безендіре білуді үйрету. Дамытушылық міндеті:жапсыру реттілігін түсіндіру және жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Тәрбиелік міндеті:тапсырманы ұқыптылықпен орындауға тәрбиелеу<br>**Дидактикалық ойыны:**<br>«Қай аңның құлағы?» | |

## Екінші кіші топ 2022жыл Ақпан айы
## Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»

**Мақсаты:**Қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие бала тұлғасын дамыту
**Міндеттері**:

- Дене жаттығуларын орындауда балалардың қимыл белсенділіктерін арттыру, күн тәртібіне сәйкес уақытылы таза ауада болуын қамтамасыз ету;
- Дидактикалық ойындарды қолдану негізінде сөздік қорларын байыту;
- Заттарды салыстыру нәтижелерін сөзбен жеткізу және кеңістік пен уақытты бағдарлай білу дағдыларын жетілдіру; Ересектерге құрмет көрсете білуге тәрбиелеу;
- Қоршаған ортаға жағымды көзқараста болуға тәрбиелеу.

| **Тақырыпша** | **«Денсаулық»-3** Дене шынықтыру-3 | **Коммуникация-2** Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет -0,5 | **Таным-2,5** Математика негіздері- 1 Жаратылыстану -1Құрастыру -0,5 | **Шығармашылық-3** Сурет салу-1, Музыка – 1,5 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру- 0,25, | **Әлеумет:0,5** Қоршаған ортамен танысу-0,5 |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1-апта «Ғажайыптар әлемі» | **1.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысы ның жоспары бойынша)<br><br>**2.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысы ның жоспары бойынша)<br><br>**3.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысы ның жоспары бойынша) | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Қысқы серуен (әңгіме құрау). Мақсаты: сурет бойынша әңгімелесуді жалғастыру,қыс мезгілін сипаттай отырып, сөздік қорын дамыту, сөз тіркестерін дұрыс айта білуге жаттықтыру. :Табиғат құбылыстары күн, қар, жел, боран туралы түсінік беру, заттарды жалпы белгілері бойынша топтастыруға Міндеті: а) Білімділік: қыс мезгілі жайында әңгімелесу, балаларға сұрақ қою арқылы қысқы серуен тақырыбы аясында білімдерін кеңейту. ә) Дамытушылық: қыс мезгілін сипаттай білуге үйрету, сөздік қорларын дамыту. б) Тәрбиелік: табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге, сезінуге тәрбиелеу.)<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Мұз жару»** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** «Заттарды ұзындығы бойынша салыстыру»<br>**Мақсаты:**әртүрлі заттарды ұзындығы бойынша салыстыруға үйретуді жалғастыру.<br>**Міндеттері:**әртүрлі заттарды ұзындығы бойынша қатар қойып салыстыруға үйретуді жалғастыру, салыстыру нәтижесін ұзынырақ, қысқарақ, ұзындығы бірдей сөздерін қолданып білдіру; көру жадын дамыту, логикалық ойлауын; қолдың моторикасын дамыту; мұқияттылыққа, оқу қызметіне қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Ненің қайда орналасқанын табайық»**<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Ғажайып қап»<br>**Мақсаты:** Балаларға заттардың бірі адамдардың қолымен, бірі табиғаттың күшімен жасалғанын түсіндіру. Қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу қабілеттерін қалыптастыру. Зерттеушілік мінез-құлық, қоршаған ортадағы заттарға күтім жасау дағдыларын жетілдіру<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Боран мұнарасы» | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Ұзын құлақ сұр қоян»<br>**Мақсаты:** бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үйлестіре білуге жаттықтыру,дөңгелек және үлкен-кіші сопақша дөңгелектерді қосу арқылы қоянның бейнесін салуға жаттықтыру.Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>(музыка жетекшісінің жоспары бойынша) | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:** «Алтын балық»<br>**Мақсаты**: табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын жетілдіру.<br>**Міндеттері**:1. Аквариумда тіршілік ететін алтын балық туралы түсіндіру. 2. Балықты қалай қоректендіру керектігін түсіндіру және көрсету арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. 3.Жанды табиғат мүшелеріне қамқор болуға тәрбиелеу. |

| 2-апта «Көліктер» | **1.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)<br><br>**2.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)<br><br>**3.Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша) | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Бізге көлік қалай және қандай көмек көрсетеді?<br>**Мақсаты:** көлік туралы түсінік беру,олардың түрлерін ажыратуға, сурет бойынша әңгімелей білуге үйрету.<br>**Міндеті:** а) Білімділік: балаларға көліктің түрлері туралы түсінік беру. ә) Дамытушылық: көліктердің дыбысын айтқызу арқылы артикуляциялық жаттығу жасату. б) Тәрбиелік: ойыншық көлік түрлерін мұқият, ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Жолда зейінді бол!»<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы**: «Айлакер түлкі» (орыс халық ертегісі)<br><br>**Мақсаты:** балалардың халық ауыз әдебиетінің шығармаларындағы кейіпкер бейнесі арқылы адамгершілік қарым-қатынас әлемімен таныстыру. Шығарма мағынасын түсінуге,кейіпкерлер іс-әрекетін бағалауға, олар жайлы айтуға, кейбір адамгершілік қасиеттерге сипаттама беру білуге үйрету. Көркем сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br><br>**Тыныс алу жаттығуы:** «Боран» | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** «Заттарды ені бойынша салыстыру. Біркелкі заттар»<br>**Мақсаты:**заттар тобын ені бойынша салыстыру ұғымын қалыптастыру: жалпақ–жіңішке.<br>**Міндеттері:**екі қарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы мен ені бойынша салыстыру тәсілдерімен таныстыру, оларды жалпақ, жіңішке сөздерін пайдалануға үйрету; «ұзындығы бойынша бірдей» сөзін пайдалану біліктерін бекіту; біркелкі заттарды бір сөзбен атауға үйретуді жалғастыру; есту сезімін дамыту; сөйлеу тілін, бақылағыштығын, ойлау белсенділігін дамыту; еңбек етуге тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын: «Тайо көліктерін гараждарға орналастырайық»**<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**«Судың қасиеті»<br>**Мақсаты:**а) Судың қасиеттері туралы қарапайым түсіндіру. ә) Танымдық белсенділігін дамыту. б) Табиғаттың сұлулығын көре білу және түсіну, сол сұлулықты сақтап қалуға деген ынтасын күшейту .<br>**Құрастыру:**<br>**Тақырыбы:** «Автобус»<br>**Мақсаты:** құрылыс материалдарын тиімді пайдаланып автобусты құрастыру және оның басқа көлік түрлерінен ерекшелігін байқай білуге үйрет . **Міндеттері:** - құрылыс материалдарының түсін, көлемін, пішінін ажырата отырып автобус құрастыра білуге үйрету; - құрылыс материалдарымен жұмыс жасауда оны көлеміне, пішініне сәйкес орналастыра отырып басқа көлік түрлерінен ерекшелігін сезіне алу қабілеттерін дамыту; - еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу .<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Мен ғарышкер боламын!» | **Сурет салу:**<br>**Тақырыбы:**«Машина»<br>**Мақсаты:** машина жайлы түсініктерін кеңейту.Айнала қоршаған ортадан көргендерін ,алған әсерлерін бейнелеу іс-әрекетінде бере білуге жаттықтыру.Тік төртбұрыш,дөңгелек пішіндерден тұратын заттық сурет салу дағдыларын қалыптастыру ұқыптылыққа,әдемілікке үйрету. **Дидактикалық ойын:**<br>«Көлікті дауысынан таны»<br>**Музыка:**<br>(музыка жетекшісінің жоспары бойынша)<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** Ұлу<br><br>**Мақсаты:** ұлу жайлы жалпы түсінік беру;ермексазды ширатып созуды үйрету;жәндіктерге деген қамқорлық сезімдерін ояту;ұқыптылыққа, дербес іс-әрекет жасауға тәрбиелеу.<br><br>.**Дидактикалық ойын:**<br>«Кім тез құрастырады?» | |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **3-апта «Электроника әлемі»** | **<u>1.Дене шынықтыру</u>** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)<br><br>**<u>2.Дене шынықтыру</u>** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)<br><br>**<u>3.Дене шынықтыру</u>** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша) | **<u>Сөйлеуді дамыту</u>**<br>**Тақырыбы:** Ойыншық дүкені ( дидактикалық ойын). **Мақсаты:** балалардың сөздік қорын дидактикалық ойындар арқылы байыту, тілдік қарым-қатынас мәдениетін дұрыс қолдануға жаттықтыру, дыбыс артикуляциясын дұрыс, анық айтуға үйрету. Міндеті: а) Білімділік: ойыншық дүкені жайында әңгімелесу. ә) Дамытушылық: ойыншық түрлерін атай отырып, «б», «п» дыбыстарына артикуляциялық жаттығу жасату. б) Тәрбиелік: ойыншықтарды күтіп, ұқыпты, таза ұстауға тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Ақылды қалам»<br>тақырып: Электр құралдары. мақсаты: Электр құралдарымен таныстыру, ол заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша топтастыруға, сөйлеу қарқынын өзгертіп баяу сөйлеуді үйрету.<br>**Орыс тілі** | **<u>Математика негіздері</u>**<br>**Тақырыбы:** «Кең–тар. Жоғарыда– төменде»<br>**Мақсаты:** заттар тобын ені бойынша салыстыру ұғымын қалыптастыруды жалғастыру: кең – тар; заттардың орналасқан орындарын анықтау біліктерін бекітуді жалғастыру: жоғарыда, төменде. **Міндеттері:**заттар тобын салыстыру ұғымын қалыптастыру: кең – тар; заттардың орналасқан орындарын анықтау біліктерін бекітуді жалғастыру: жоғарыда, төменде; жұмбақ шешуге баулу; тәулік бөлімдері туралы білімдерін бекіту жалғастыру;логикалық ойлауы, бақылағыштығын, ойлау белсенділігін дамыту; сабаққа қызығушылығын тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Сиқырлы қорапша»<br><br>**<u>Жаратылыстану:</u>**<br>**Тақырыбы:** «Көрінбейтін ауа»<br>**Мақсаты:** а) Балаларды ауа және оның қасиеттері туралы түсінікпен таныстыру. ә) Зерттеу қызметіне деген қызығушылығын ояту. б) Төңірегіндегі қатар құрбыларына қайырымды болуға үйрету**.** | **<u>Сурет салу:</u>**<br>**Тақырыбы:** «Түрлі түсті таспалар»<br>**Мақсаты:** Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру.Жуан таяқшаға оралған губканы оң қолдарына ұстап ,түзу сызықтар сызуды,екі-үш түсті бояумен сызуға үйрету.Жолақ жолдарға біркелкі бояуды жағу тәсілін үйрету.Тазалыққа,ұқыптылыққа тәрбиелеу..<br>**Дидактикалық ойын:** **«Суреттер»**<br><br>**Музыка:**<br>(музыка жетекшісінің жоспары бойынша) | **<u>Қоршаған ортамен танысу:</u>**<br>**Тақырыбы:** «Байланыс қызметі»<br>**Мақсаты:** Байланыс қызметі түрлерімен таныстырып, олардың атауларын меңгерту. Адамдардың пайдалы іс-әрекеттерін бағалап, оған құрметпен карауға тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Сымсыз телефон** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
